

Л.Н. Токтарбекова 

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия,
саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан
e-mail: lauratoktarbekova@gmail.com

БАТЫС ЖӘНЕ ИСЛАМ ФЕМИНИЗМІ АРАСЫНДАҒЫ КОНТРАСТ

Мақала феминистік ойдың екі негізгі бағыты батыс және ислам феминизмін салыстырмалы теориялық және әдіснамалық талдауға арналған. Бұл парадигмалар гендерлік әділеттілікке қолжеткізудің ортақ мақсатына қарамастан, әртүрлі мәдени, діни және философиялық алғышарттар негізінде қалыптасады. Батыс феминизмі зайырлы-гуманистік және либералды-демократиялық дәстүр шеңберінде қалыптасып, бірінші толқындағы сайлау құқығы үшін күрестен бастап, қазіргі цифрлық белсенділікке дейінгі ауқымды «толқындар» арқылы дамыған. Бұл бағыт патриархалды құрылымдарды сынаумен қатар, жыныстық, әлеуметтік және құқықтық теңдік үшін заңнамалық өзгертулерге басымдық береді. Ислам феминизмі діндегі патриархалды түсіндірмелерін қайта қарастыру арқылы әйелдердің теологиялық және құқықтық парадигмасын қайта құруға ұмтылады.

Мақалада әр бағыттың теориялық негіздерін, субъективтілік концепцияларын, сондай-ақ әдістемелік құралдарын салыстыруға назар аударылады. Зерттеу заманауи дереккөздерге сүйеніп, екі феминистік парадигма арасында өзара диалог құруға теориялық негіз ұсынады. Ғылыми жұмыстың мақсаты – батыс пен ислам феминизмі арасындағы қарама-қайшылықтарға теориялық және әдіснамалық талдау жасау. Зерттеу барысында феминизмнің жаһандық феномен ретіндегі гетерогенді табиғаты анықталып, оның зайырлы либералдық және діни теологиялық парадигмаларының айырмашылықтары мен ұқсастықтары сараланды. Зерттеу аясында батыстық феминизмнің үш негізгі «толқыны» мен қазіргі «төртінші толқын» цифрлық белсенділігі сипатталды, сонымен қатар, ислам контекстіндегі феминизмнің отаршылдық нарративтер мен классикалық құқықтық интерпретацияларға реакциясы көрсетілді. Мақала негізінен әдебиетке шолу, теориялық синтез және салыстырмалы талдау әдістерін біріктіретін кешенді тәсіл қолданылды. Теориялық синтез барысында феминистік эпистемология мен мәдени-гуманитарлық дискурс талдау пайдаланылды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде еркіндік пен автономия тұжырымдамасының әртүрлі түсіндірілуі, сондай-ақ патриархатты сынау мен әйелдердің құқықтарын қорғау идеяларының ортақ қағидалары айқындалды. Мақаланың негізгі тұжырымы – батыстық және ислам феминизмі бірін-бірі жоққа шығаратын қарсы бағыттар емес, керісінше, бірін-бірі толықтыра алатын, жаһандық әлеуметтік дискурста өзара сұқбат пен ынтымақтастыққа қабілетті феминистік ойлаудың әртүрлі формалары.

Түйін сөздер: феминизм, гендерлік теңдік, батыс феминизмі, ислам феминизмі, салыстырмалы талдау, интерсекция, әйел, агенттік.

L. Toktarbekova

Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Science Committee
of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan
e-mail: lauratoktarbekova@gmail.com

The Contrast between Western and Islamic Feminism

This article presents a comparative theoretical and methodological analysis of two main feminist paradigms: Western feminism and Islamic feminism. Despite their shared goal of achieving gender justice, these paradigms are rooted in distinct cultural, religious, and philosophical premises. Western feminism has developed within the framework of secular-humanist and liberal-democratic traditions, evolving through the various «waves» of feminist movements, from the first wave advocating for women's suffrage to the contemporary digital activism of the «fourth wave». This direction critiques patriarchal structures while prioritizing legal reforms for gender, social and legal equality. In contrast, Islamic feminism seeks to reconstruct the theological and legal paradigm for women by revisiting patriarchal interpretations of religion.

The article focuses on comparing the theoretical foundations, concepts of subjectivity, and methodological tools of each direction. The study, relying on contemporary sources, provides a theoretical

basis for dialogue between the two feminist paradigms. The goal of the paper is to conduct a theoretical and methodological analysis of the contradictions between Western and Islamic feminism. The research identifies the heterogeneous nature of feminism as a global phenomenon, highlighting the differences and similarities between secular-liberal and religious-theological paradigms. The paper discusses the three main «waves» of Western feminism, including the digital activism of the current «fourth wave», while also exploring the responses of Islamic feminism to colonial narratives and classical legal interpretations. The research employs an integrated approach, combining literature review, theoretical synthesis, and comparative analysis. Theoretical synthesis includes the use of feminist epistemology and cultural-humanitarian discourse analysis. The comparative analysis highlights the different interpretations of the concepts of freedom and autonomy, as well as the common principles of critiquing patriarchy and defending women's rights. The main conclusion of the article is that Western and Islamic feminism are not opposing directions that negate each other but, rather, complementary forms of feminist thought capable of engaging in dialogue and cooperation within the global social discourse.

Key words: Feminism, Gender Equality, Western Feminism, Islamic Feminism, Comparative Analysis, Intersectionality, Woman, Agency.

А.Н. Токтарбекова

Институт философии, политологии и религиоведения Комитета науки
Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Алматы, Казахстан
e-mail: lauratoktarbekova@gmail.com

Контрастность между западным и исламским феминизмом

Данная статья представляет собой сравнительный теоретический и методологический анализ двух основных феминистских парадигм: западного феминизма и исламского феминизма. Несмотря на общую цель достижения гендерной справедливости, эти парадигмы основываются на различных культурных, религиозных и философских предпосылках. Западный феминизм развивался в рамках секулярно-гуманистической и либерально-демократической традиции, пройдя через различные «волны» феминистских движений – от первой волны, борющейся за избирательные права женщин, до современного цифрового активизма «четвертой волны». Это направление критикует патриархальные структуры, одновременно придавая приоритет правовым реформам в области гендерного, социального и юридического равенства. В отличие от этого, исламский феминизм стремится реконструировать теологическую и правовую парадигму для женщин, рассматривая патриархальные интерпретации религии.

Статья сосредоточена на сравнении теоретических основ, концепций субъективности и методологических инструментов каждой из направленностей. Исследование, опирающееся на современные источники, предлагает теоретическую основу для диалога между двумя феминистскими парадигмами. Цель работы – провести теоретический и методологический анализ противоречий между западным и исламским феминизмом. В исследовании выявляется гетерогенность феминизма как глобального феномена, подчеркиваются различия и сходства между светскими либеральными и религиозно-теологическими парадигмами. В работе рассматриваются три основные «волны» западного феминизма, включая цифровой активизм нынешней «четвертой волны», а также реакции исламского феминизма на колониальные нарративы и классические правовые интерпретации. Исследование использует комплексный подход, объединяющий обзор литературы, теоретический синтез и сравнительный анализ. В теоретическом синтезе применяются феминистская эпистемология и анализ культурно-гуманитарного дискурса. В сравнительном анализе выделяются различные интерпретации понятий свободы и автономии, а также общие принципы критики патриархата и защиты прав женщин. Основным выводом статьи заключается в том, что западный и исламский феминизм не являются противоположными направлениями, которые исключают друг друга, а наоборот, это взаимодополняющие формы феминистского мышления, способные к диалогу и сотрудничеству в рамках глобального социального дискурса.

Ключевые слова: феминизм, исламский феминизм, западный феминизм, сравнительный анализ, интерсекциональность, женщина, агентность.

Кіріспе

Феминизм – гендерлік тендікке қол жеткізуді және әйелдердің қоғамдағы орнын қайта қарастыруды көздейтін, көпқырлы жаһандық қозғалыс әрі теориялық парадигма. Феминизм

интеллектуалды қозғалыс ретінде гендерлік рөлдерді түбегейлі қайта қарауға, патриархалды құрылымдарды сынауға, әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын бекітуге ұмтылады. Дегенмен, феминизм әмбебап талаптарға қарамастан, біркелкі емес, оның ішінде мәдени, діни және

тарихи ерекшеліктерге байланысты айтарлықтай теориялық және әдіснамалық айырмашылықтар бар.

Бұл гетерогенділік әсіресе батыс пен ислам феминизмін салыстыруда айқын көрінеді. Біріншісі, модернизация мен зайырлылық аясында қалыптасса, екіншісі, дін арқылы ислам дәстүрі негізінде әділеттілікті қалпына келтіруге тырысады. Батыс феминизмі дәстүрлі түрде либералды демократия шеңберіндегі саяси және әлеуметтік құқықтар үшін күреспен байланысты болса (Butler, 1990, p. 45), ислам феминизмі қасиетті мәтіндерді герменевтикалық қайта қарауға сүйене отырып, исламның теологиялық және құқықтық парадигмасы аясында құрады (Wadud, 1999; Ahmed, 1992).

Өткен ғасырда ислам феминистері діни мәтіндердің патриархалдық түсіндірмелерін ғана емес, сонымен бірге әйелдер құқықтары мен азаттығы туралы кейбір батыс болжамдарының гегемониясын сынап отырып, мықты интеллектуалды және әлеуметтік күш ретінде пайда болды. Зайырлы либералды принциптерге негізделген батыстық феминистік дискурстар дінің негізгі рөлін, мұсылмандар басым елдердегі әйелдердің өмірін қалыптастыратын руханилық пен нақты әлеуметтік-саяси басымдықты ескермейді (Ahmed, 1992, p. 54). Гендерлік теңдікке қол жеткізудің жалпы мақсаты ортақ болғанымен, эмансипацияның философиялық негіздері, стратегиялары мен түпкілікті тұжырымдамалары айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Батыс феминизмі тарихи тұрғыдан қарастырғанда бірнеше «толқындардан» тұратын кезеңдерден өткен. Алғашқысы сайлау құқығы үшін күресуден басталып, соңы цифрлық белсенділікпен, зорлық-зомбылықты сынаумен сипатталатын қазіргі «төртінші толқынға» дейін жалғасады. Ал, мұсылман феминизмі исламды «патриархалды дін» ретінде төмендететін отаршылдық нарративтер мен әйелдерді білім, құқық және билік саласынан алып тастайтын ішкі консервативті түсіндірулерге жауап береді.

Феминизмнің аталған екі түрі де әлеуметтік трансформацияға ұмтылғанымен, олардың гносеологиялық негіздері әртүрлі. Батыс феминизмі мәдени ерекшеліктен алшақтау арқылы әмбебаптандыруға бейім, ал ислам феминизмі теңдікке апаратын көптеген жолдарды тануды талап етеді. Кейде бұл қайшылықтар екі жақтың да қате тұжырымдамасына ұшырайды. Батыс феминистері көбінесе дінді, исламды патриархалды деп және ислам діні әйелдердің азатты-

ғымен, гендерлік теңдікпен үйлеспейді деп санайды. Ал кейбір ислам феминистері батыстық феминистік дискурсты «мәдени империализм» ретінде қарастырып, оның батыстық емес мәніне Батыстың зайырлы нормалары мен құндылықтарын жүктейді деп айыптайды (Mernissi, 1987, p. 110). Осы айырмашылықтар негізінде «феминистік қағидаттар қаншалықты әмбебап және мәдени тұрғыдан ерекшеленеді?», «Батыста пайда болған феминизм мұсылман әйелдерінің тәжірибесін жеткілікті дәрежеде көрсете ала ма, әлде дербес ислам феминизмі қажет пе?» деген сұрақтардың туындауы заңды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының әдіснамасы батыстық және исламдық феминистік парадигмалар арасындағы негізгі айырмашылықтар мен тоғысатын тұстарды анықтауға бағытталған пәнаралық және салыстырмалы тәсілге негізделген. Мақалада феминистік эпистемология, герменевтика, сондай-ақ мәдениеттанулық және дінтанулық талдау құралдарын біріктіретін ұғымдық синтез әдісі қолданылады. Мұндай кешенді тәсіл феминистік білім модельдерінің теориялық ерекшеліктерін сипаттаумен қатар, олардың ішкі логикасын да ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Батыс феминизмін талдау үшін либералды және радикалдықтан интерсекциялық және постструктуралистік феминизмге дейінгі негізгі кезеңдері мен концепцияларын бейнелейтін жұмыстар талданды. Батыс теориялық дәстүрінде әйелдер субъективтілігінің қалай қалыптасқанын зерттеу үшін мазмұнды талдау, дискурстық талдау әдістері қолданылады. К.Креншоу, Симона де Бовуар мен Бетти Фридан және т.б. феминист-зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалды. Ислам мен дәстүріндегі гендерлік теңдік мәселесін терең зерттеген Амина Вадуд, Саба Махмуд Зиба Мир-Хосейни, Айша Хидаятуллах және т.б. ислам феминистерінің ғылыми жұмыстары да зерделенді. Бұл дереккөздер батыс және ислам феминизмі әрекет ететін теориялық өрісті қайта құруға негіз және оның әдіснамалық болжамдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы талдау элементтері қолдану барысында екі феминистік бағыттың айырмашылықтары мен ұқсастықтары анықталды. Айырмашылықтар – еркіндікті, гендерлік рөлдерді ұғынуда, ал ұқсастықтар – патриархатты сынау, әйел қадір-қасиетін қорғау, білім мен билікке қолжетімділік үшін күресте байқалады.

Әдебиетке шолу

«Феминизм» термині алғашында еуро-америкалық контексте қалыптасқанымен, әйелдер құқығы мен гендерлік әділеттілік жолындағы параллель қозғалыстар мұсылман қоғамдарында ежелден-ақ бой көрсеткен. Алайда, бұл феминистік дәстүрлердің қалай өзара ерекшеленетіні мен қандай тұстарда тоғысатынын тереңірек түсінуге байланысты зерттеулерде елеулі олқылықтар байқалады. Бұл мәселе әсіресе әртүрлі мәдени, діни және тарихи контекстерде қарастырылған кезде аса маңызды бола түседі.

Батыстық феминистік еңбектері бірнеше «толқындарға» бөлініп қарастырылады. Әр толқынның өзіндік басымдықтары, талқылаулары және саяси мәнмәтіндері бар (Evans, 2013). Алғашқы еңбектерге Мэри Уоллстоункрафттың «A Vindication of the Rights of Woman» (1792) және Джон Стюарт Миллдің «The Subjection of Women» (1869) сияқты туындылары жатады. Бұл еңбектер сол заманның гендерлік иерархиялары мен әйелдердің білім алу және сайлау құқығын талап ете отырып, негізінен еуроорталық контексте жазылғанымен, кейінгі феминистік теорияларға концептуалды іргетас қалады.

XX ғасырдың ортасына қарай батыстық феминизмнің екінші толқыны кеңінен тарады. Оған Симона де Бовуардың «The Second Sex» (1956) және Бетти Фриданнның «The Feminine Mystique» (1963) еңбектері мысал бола алады. Екінші толқын феминизміне сын айтушы үшінші толқын өкілдері Одри Лорд, Ангела Дэвис және Белл Хукс, Чандра Талпадэ Моханти ерекше атап көрсетуге болады. Олар нәсіл, тап және сексуалдылық сияқты бір-бірімен қиылысатын қысым түрлерінің маңызын атап өтіп, интерсекциялық талдауға жол ашты. Чандра Мохантидің «Under Western Eyes: Feminist Scholarship and Colonial Discourses» (1988) атты мақаласы батыс феминистік зерттеулері көбіне әлемнің оңтүстігіндегі әйелдерді қаналған немесе жалпылама езгі көріп жүрген топ ретінде сипаттайтынына назар аудартты.

Постколониалды зерттеулердің тұжырымдамаларына сүйене отырып, Гаятри Спивак пен Чандра Моханти еңбектері Батыс теориялық үлгілері әлемнің сан алуан мәдени, экономикалық және саяси орталарында әйелдер тәжірибесін жаппай түсіндіре алмайтынын көрсетті. Г.Спивактың «Can the Subaltern Speak?» деген жұмысы отарлық пен жаңа отарлық құрылымдарының

әлі де шеттетілетінін көрсетеді (Spivak, 2010). Кэтрин МакКиннонның феминистік құқық теориясы зайырлы құқықтық жүйелерді жыныстық зорлық-зомбылық пен қудалауға қарсы жауаптылық тұрғысынан өзгертуге мән береді (MacKinnon, 1989, p. 45).

Ислам феминизмі ұғымы XX ғасырдың соңында кеңінен тарала бастағанымен, мұсылман қоғамдарындағы гендер және әлеуметтік реформалар төңірегіндегі пікірталастар кем дегенде XIX ғасырдан басталған (Ahmed, 1992). Мысырдағы Қасым Амин әйелдердің білім алу және қоғамдық өмірге белсене араласу құқығы жөнінде жазып, қоғамның өркендеуі әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтумен тікелей байланысты екенін көрсетті. Қ.Аминнің және басқа да мұсылман реформаторларының еңбектері исламның қазіргі заманғы гендерлік теңдік концепциясына сәйкес келу-келмеуіне қатысты қызу пікірталастар туғызды. Өйткені кейбір феминистердің ойынша, Қ.Амин «The Liberation of Women» (2000) кітабында мысырлық «жаңа әйел» бейнесін батыстық әйелдің калькасы ретінде көрсетеді, сонымен қатар, мұсылман әйелдерді қатаң сынау арқылы еуропалық қоғамды және отарлықты жақтайды.

Лейла Ахметтің «Women and Gender in Islam» (1992) еңбегінде осы тарихи үрдістер талданып, отарлық кезеңде орын алған идеологиялар хиджаб, окшаулану және жаңғыру мәселелерін қалай қалыптастырғанын көрсетеді (Ahmed, 1992, p. 122). Қазіргі зерттеулерде «мұсылман феминизмі» бірқатар тұжырымдамалық бағыттары қамтиды. Діни мәтіндерді қайта қарауға негізделген әдістерден бастап, анағұрлым зайырлы, ұлтшыл тәсілдерге дейін жалғасады. Олардың ішіндегі ықпалды бағыттардың бірі – діни мәтіндерді қайта зерделеу. Амина Вадудтың «Qur'an and woman: Rereading the sacred text from a woman's perspective» (1999) атты еңбегі осы бағыттағы белді жұмыс ретінде танылған. Ол ислам дәстүрінде теңдік қағидаты бар екенін баса көрсетіп, оны тек ер адамға бейімделген түсіндірмелер шатастырып келгенін алға тартады. Фатима Мерниссидің «Beyond the Veil: Male-Female Dynamics in Modern Muslim Society» (1987) және «The Veil and the Male Elite: A Feminist Interpretation of Women's Rights in Islam» (1991) атты еңбектері де патриархалдық құрылымдардың діни дәстүрлердегі басымдығын зерттейді. Бұл еңбектер мұсылмандар шоғырланған қоғамдардағы ішкі патриархалды құрылымдарға да, исламды «біржақты» репрес-

сивті деп санайтын Батыс сыни пікірлеріне де қарсы тұрады.

Постколониалды сын мұсылман феминистік дискурста да елеулі орын алады. Оған Саба Махмудтың «Politics of Piety: The Islamic Revival and the Feminist Subject» (2005) атты еңбегі негіз бола алады. С.Махмуд Мысырдағы діндар мұсылман әйелдердің зайырлы-либералдық автономия тұжырымдамасымен әрдайым үйлесе бермейтін «тақуалық агенттігін» немесе «өзін өзі тәрбиелеу агенттігін» сипаттайды (Mahmood, 2005, p. 31). Автордың пайымдауынша, бұл әйелдердің хиджаб кию, намаз оқу және моральдық өзін-өзі реттеу тәжірибесі діни шеңберінде билік пен өзін-өзі іске асырудың маңызды тәсілі болуы мүмкін. Марго Бадран «ислам феминизмін» «ислами парадигма аясында айтылған феминистік дискурс және практика» ретінде қарастырады (Badran, 2002, p. 23). М.Бадранның тарихи және әлеуметтанулық көзқарасы мұсылман феминистерінің гендерлік теңдік идеясын алға тарту барысында діни сенімдерін қатар сақтау жолындағы күрделі траекторияларын ашып көрсетеді. Оның еңбегі Асма Барлас және басқа да зерттеушілердің жұмысымен үндес келеді. Олар исламдық мәтіндерді әділдік пен теңдік призмасы арқылы қайта қарауға шақырып, мұсылман әйелдерінің бағынышты рөлін алға тарта беретін біржақты тұжырымдарды жоққа шығарады.

Симона де Бовуар барлық дінді шектен тыс консервативті және патриархалды құбылыс ретінде сынайды (Beauvois, 1956). Ал мұсылман феминистік ғалымдар дінді, әсіресе исламды гендерлік әділеттілікке қол жеткізудің құралы ретінде қайта ұғынуға болатындығын дәлелдеуге тырысады.

Бұл екі феминистік дәстүр пайда болу тарихының әр түрлі болғанымен, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жою және әйелдердің заңдық, экономикалық әрі әлеуметтік салалардағы мәртебесін күшейту сияқты ортақ мақсаттарда түйіседі. Алайда, діннің рөліне келгенде, олар әр түрлі ұстаным білдіреді: ислам феминистері дінді теңдікке жетудің әлеуетті тірегі ретінде көруге бейім болса, кейбір батыстық феминистер оны әйелдердің азаттығына кедергі болатын фактор деп бағалайды. Қазіргі зерттеулер осы айырмашылықтарды құрметтей отырып, гендерлік әділеттілікті дамыту ісінде мәдениетаралық сұқбаттардың үлесін арттыру керек екенін ерекшелейді.

Нәтижелер және талқылау

Батыс феминизмінің тарихи мәңгілігі

Батыс феминизмі көбінесе тарихи түрде бірнеше «толқын» аясында қарастырылады, әр толқынның өзіндік мақсаттары, белсенді тұлғалары мен теориялық дамулары бар (Evans, 1995, p. 12). *Бірінші толқын* XIX ғасыр соңында және XX ғасырдың басында шарықтау шегіне жетіп, әйелдердің сайлау және заң алдындағы құқықтары мәселелеріне назар аударды. Еуропа мен Солтүстік Америкада Мэри Уоллстоункрафт (Wollstonecraft, 2002), Джон Стюарт Милл (Милль, 2020) әйелдер құқығы үшін күресе, Сюзан Б.Энтони (Anthony, 1872) әйелдерді азамат ретінде заң жүзінде тануға баса назар аударып, меншікке иелік ету, білім алуға қолжетімділік және ең бастысы дауыс беру құқығы сияқты құқықтар үшін үгіт жүргізді. Бұл кезеңде әйелдердің сайлау құқығы, мүлкітік құқық және білім алуға қолжетімділік үшін күрес жүргізді. XX ғасырдың басында шарықтау шегіне жеткен сайлау құқығы қозғалысы әртүрлі елдерде әйелдерге саяси құқықтар берді, бұл феминистік насихаттың маңызды жеңісін көрсетті (Paletschek et al., 2004). Алайда бұл толқын көбіне орта тап-тағы ақ нәсілді әйелдердің мүдделерін білдіріп, басқа этностар мен әлеуметтік топтардың әйелдерін назардан тыс қалдырды.

Екінші толқын шамамен 1960-1970 жылдары кеңінен таралып, бірінші толқын жетістіктеріне сүйене отырып, тереңірек мәдени және жүйелік езгі түрлеріне қарсы шықты. Ол жыныстық еркіндік, репродуктивтік құқықтар, тұрмыстық зорлық-зомбылық, еңбек нарығындағы кемсітушілік сияқты мәселелерге бағытталды. Симона де Бовуар мен Бетти Фридан секілді феминист-зерттеушілердің еңбектері патриархаттың, үй шаруасының тек әйелдерге жүктелуінің және гендердің әлеуметтік тұрғыда қалыптасатына сыни талдауға жол ашты. Олар әйел болу – табиғи емес, әлеуметтік құрылым екендігін дәлелдеуге тырысты. Симона де Бовуардың «әйел болып тумайды, әйелге айналады» (Beauvois, 1956) деген атақты ой-тұжырымы екінші толқын феминистерінің басты ұранына айналды.

Феминизмнің екінші толқыны екінші дүниежүзілік соғыстан кейін елеулі әлеуметтік өзгерістерге, соның ішінде әйелдердің жұмыс күшіне қатысуының артуына себеп болды. Бетти Фриданның әйгілі «The Feminine Mystique» (1963) атты еңбегі үй шаруасымен шектелген

орта тап әйелдерінің «аты жоқ мәселені» («the problem that has no name») (Friedan, 1963; p. 15) ашып көрсетті. Онда үміті ақталмаған, өз болмысын жүзеге асыра алмаған, күйбең тіршіліктің құрбаны болған әйелдердің хал-ахуалын сипатталады. Өйткені соғыстан кейінгі кезеңдегі АҚШ-тағы әйелдердің тар шеңберлі рөліне көңілі толмайтыны анықталған. Осылайша, екінші толқын өкілдері әйелдердің үй шаруасынан тыс жұмыс істеу құқығы, контрацепция мен абортқа қолжетімділік және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан заңмен қорғалу сияқты мәдени, әлеуметтік, саяси өзгерістерді талап етті.

1980-1990 жылдар аралығында екінші толқынның әмбебаптылығына сын ретінде *үшінші толқын* пайда болды. Өйткені екінші толқын феминизмі тек ақ нәсілді, орта таптық, гетеросексуалды әйелдердің тәжірибесін жалпылама қабылдап, өзге топтарды (нәсілдік азшылық, жұмысшы тап, ЛГБТ және т.б.) шеттеткені үшін сынға ұшырады. Бұл шектеу феминистік ойдың шиеленісу және постколониялық тармақтарының пайда болуына әкеліп соқтыратын бірқатар ішкі пікірталастарды туындатты. Кимберли Креншоу, Белл Хукс (Gloria Jean Watkins), Чандра Талпадэ Моханти және т.б. феминист-ғалым, жазушылардың феминизмге нәсіл, тап, отарлық тарихы және басқа да факторлардың әсерін көрсететін интерсекциялық және постколониялды бағыттар енгізді. Бұл толқынның басты белгісі – интерсекция теориясына басымдық беру еді. Кимберли Креншоу әлеуметтік категориялардың (нәсіл, гендер, тап) өзара тығыз байланысын талдауға арналған ең ықпалды талдамалық құралдардың бірі – *интерсекция (intersectionality)* ұғымын ұсынды. Ол «Demarginalizing the Intersection of Race and Sex: A Black Feminist Critique of Antidiscrimination Doctrine, Feminist Theory and Antiracist Politics» (1989) атты еңбегінде қысым көрсетуші жүйелердің бір қырынан ғана көрінбейтінін атап өтеді. Оның ойынша, әйел адам бір мезетте жынысы, нәсілі, әлеуметтік таптық жағдайы, жыныстық бағыты және т.б. белгілері бойынша қысымға ұшырауы мүмкін (Crenshaw, 1989; p. 139). Ол «...топтардағы айырмашылықтарды елемеу топшілік шиеленістерге ықпал етеді, бұл әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты саясаттандыруға әсер ететін бірегейлік саясатының тағы бір проблемасы» (Crenshaw, 1991; p. 1242) деп, біртектес топтастырудың кемшіліктерін көрсетті. Интерсекция бұрынғы феминистік теориялардың маргиналды топтардың әртүрлі тәжірибелерін ескермеуін сынады.

Bell hooks «Feminism is for Everybody: Passionate Politics» (2000), феминизм ерлерге қарсы қозғалыс емес, негізінен «сексизмді, сексистік қанауды және қысымды тоқтату» (hooks, 2000, p. VIII) екенін атап, барлық маргиналды топтардың мүдделеріне қызмет ететін неғұрлым инклюзивті феминизмге шақырды. Чандра Моханти «Under Western Eyes: Feminist Scholarship and Colonial Discourses» (1984) еңбегінде Батыс феминизмінің батыс әйелдерінің тәжірибесін жалпыға ортақ үлгі ретінде қарастыруына шолу жасап, мұндай көзқарастың отаршыл дискурсты аңдамай бекітуі мүмкін екенін атап өтеді. Ол Батыс феминистік зерттеулері «үшінші әлемдегі әйелдер өмірінің материалды және тарихи біркелкі еместігін дискурсивті түрде отарлау» (Mohanty, 1984, p. 334) деп сынап, оларды патриархаттың құрбандары ретінде көрсетті. Осы кезде батыстық феминизм әлемнің өзге аймақтарындағы әйелдердің тәжірибесіне көбірек назар аударыла бастады, бірақ батыс құндылықтар «әмбебап» деп есептейтін ойлар ішінара сақталып тұрды. Кэтрин Маккиннонның «Toward a Feminist Theory of the State» (1989) еңбегі феминистік теорияның мемлекет қуаты мен патриархат құрылымдарымен қалай қабысатынын талдайды. Ол феминистік құқық теориясы сексуалдықты қоғамдық биліктің бір түрі ретінде бағамдауы тиіс деп есептейді. К.Маккиннон бұл тұрғыда «жыныстық қатынастың қалыптасуы, бағыты және көрінісі қоғамды екі жынысқа бөледі: әйелдер мен еркектер» (MacKinnon, 1989, p. 4) деген тұжырым ұсынады.

Төртінші толқын (2010 жыл) цифрлық белсенділікпен, сексуалды зорлық-зомбылыққа қарсы күреспен, жаһандық ынтымақтастықпен және бірігуге ұмтылумен сипатталады. Соңғы жылдары #MeToo және Time's Up сияқты қозғалыстар осы толқындардың жалғасы іспеттес болып, феминистік идеологияны жаңа деңгейге шығарды (Wexler et al., 2019; p. 46).

«Me Too» қозғалысының өзіндік идеялық негізі 2006 жылы белсенді Тарана Берктің бастамасымен қаланғанымен, оның жаһандық танымалдыққа ие болуы 2017 жылдың қазан айында киноиндустриядағы жаппай жанжалдардан кейін орын алды (Me Too movement, 2023). Актриса Алиса Милано Твиттер желісінде #MeToo хэштегін қолдануға шақырып, сексуалды зорлық-зомбылықты және кемсіту, басқа да жат қылықтарды басынан өткерген әйелдер мен ерлерге үндеу жолдады. Нәтижесінде, миллиондаған адамдар өз оқиғаларын ашық айтып, бүкіл әлем-

дік деңгейде үлкен қоғамдық пікірталас қалыптастырды (What's the Difference..., 2018).

Болгарлық ғалым Ц. Джамбазова «Me Too» мен «Time's Up» қозғалыстарын «әлеуметтік әділеттілікке» бағытталған жаңа толқындар ретінде сипаттай отырып, олардың медиадағы көрінісін контент талдау әдісі арқылы зерттеген (Dzhambazova, 2020). The Guardian газетінде онлайн-нұсқасында жарияланған материалдарды зерттей келе, автор бұл қозғалыстың негізгі мақсаттарын:

1. Сексуалды зорлық-зомбылық мәселесін ашық талқылауды күшейту;

2. гендерлік рөлдердің дәстүрлі түсініктерін өзгертуге шақыру;

3. гендерлік кемсітуді жою үшін заңды және мәдени шаралар ұсыну керектігін атап көрсетеді (Dzhambazova, 2020; p. 294–295).

Осы мақалада келтірілген деректерге сәйкес, «Me Too» алғашында әйелдердің басынан өткен қорлық пен қорлауды жариялап, қолдау көрсетуге ұмтылса, «Time's Up» қозғалысы тікелей заңгерлік және қаржылық көмекті де қамти отырып, жұмыс орнындағы және қоғамдағы теңсіздікке қарсы күресуді мақсат тұтқан (Dzhambazova, 2020; p. 295–296). Бұл екі бастама да қоғамда «сексуалды тұрғыдағы агрессия» мен «еңбек нарығындағы кемсітушілік» мәселесіне медианың белсенді назарын аударды (Dzhambazova, 2020, p. 297). Ц. Джамбазованың пікірінше, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігі, жеке тәжірибелермен бөлісу мен ашық дискуссия жүргізу – гендерлік рөлдерді қайта қарауға жағдай жасайды. Осылайша, әйелдер мен ерлер арасындағы «әлеуметтік байланыстарды» жаңаша бағалау, тең мүмкіндіктер қағидатына сүйенген қарым-қатынастарды нығайту мүмкін (Dzhambazova, 2020; p. 298). Дегенмен, автор жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке қарсы шаралардың пәрменді болуы үшін «құқықтық реформалардың» жүзеге асуы, «ұйымдық мәдениеттің» өзгеруі және «институционалдық бақылаудың» күшеюі қажет екендігін айтады (Dzhambazova, 2020; p. 299).

Американдық ғалымдар Уэкслер Л., Роббенхолт Ж., және Мерфи К. «#MeToo, Time's Up and Theories of Justice» атты мақалада (Wexler et al., 2018) бұл қозғалыстарды «қалпына келтіруші әділет» (restorative justice) пен «транзиттік әділет» (transitional justice) ұғымдары арқылы талдайды (Wexler et al., 2018; p. 47). Олардың пайымдауынша, сексуалды зорлық-зомбылықтың кең таралуы, құрылымдық теңсіздік және

жаппай үнсіздік мәдениеті (көбіне құрбандардың өз шағымдарын айта алмауы немесе сенімсіздікке тап болуы) – мұның барлығы соғыстан кейінгі қоғамдардағы әділетті қалпына келтіру тәжірибесімен үндес (Wexler et al., 2018; p. 50). Авторлар «зардап шеккендердің үнінің естілуі, кінәлілер жауапкершілікке тартылуы, әрі болашақта мұндай жағдайларды болдырмау үшін әлеуметтік құрылым өзгеруі керек» деп атап өтеді (Wexler et al., 2018; p. 72–75).

Феминистік теория тұрғысынан алғанда, бұл қозғалыстар «патриархалды құрылымдармен күрес» және «жеке тәжірибенің саясилануы» қағидаттарына сүйенеді. Яғни, жекелеген әйелдің (не басқа да гендерлік топ өкілінің) көрген қорлығы бір ғана адамның басындағы оқиға емес, ол бүкіл қоғамдағы жүйелі теңсіздіктің көрінісі. «Me Too» және «Time's Up» бұл теңсіздікті ашық әшкерелеп, құрбандардың үнін басты назарға шығарып, құқықтық қолдау мен қаржыландыру арқылы қолдайды. Ал мұндай қоғамдық диалог гендерлік әділеттіктің нығаюына күш салатын феминистік қозғалыстың негізгі ұстанымдарына сай келеді (Me Too Movement, 2023).

«Me Too» мен «Time's Up» феминистік қозғалыстары әйелдерге ғана емес, жалпы жыныстық зорлық-зомбылық пен кемсітуге ұшыраған барлық топтарға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұл қозғалыстар құқықтық, әлеуметтік және мәдени деңгейлерде өзгеріс жасауды мақсат етеді, әрі болашақта феминистік теория мен практикаға айтарлықтай үлес қосары анық (Wexler et al., 2018; p. 83). Сондай-ақ, медианың, заңгерлердің және белсенділердің бірлесе әрекет етуі арқылы ғана көптен бері қордаланған теңсіздік мәселелерін түпкілікті шешуге болатындығын көрсетеді (Dzhambazova, 2020).

Батыс феминизмінің тарихи дамуы заңды теңдік талабы аясынан басталып, кейін әлеуметтік, экономикалық және саяси теңсіздіктердің кешенді сынына ұласқан қозғалысты көрсетеді. Ұдайы дамып отырған феминистік ой талай маңызды белсенділердің ықпалымен заманға сай өзгерістерге ұшырады. Алдағы кезеңде феминистік қозғалыстың өзектілігі әртүрлі топтарды қамтуға дайын болуына, интерсекциялық әдістерді пайдалануға және өз-өзін сыни тұрғыдан үздіксіз зерделеп отыруға байланысты болмақ.

Ислам феминизмінің бастаулары мен ұғымдық шеңбері

Феминизм бүгінгі таңда жаһандық феномен ретінде әртүрлі мәдени және діни мәнмәтінде

дамып келеді. Ислам феминизмі исламның ішкі дәстүрлерінен шығып, батыстық феминизмге қарама-қайшы дамыған қозғалыс. Ислам феминизмі «исламның ішінде әділеттілік пен теңдікке ұмтылған феминистік дискурс» ретінде анықталса (Mir-Hosseini, 2019, p. 108), оның негізгі міндеті – «патриархалды интерпретациялардан арылып, Құран мәтінінен бастапқы әділеттілік қағидаларын қалпына келтіру» (Hidayatullah, 2014, p. 116). Ислам феминизмі XX ғасырдың екінші жартысындағы ғаламдық және жергілікті исламдық саясатпен байланыстыралады. Ол бастапқыда «саяси исламның жағымсыз нәтижесі» ретінде пайда болып, құран мәтіндеріндегі патриархалды аяттарды қайта түсіндіру ретінде туындаған (Mir-Hosseini, 2019, p. 112).

Ислам феминизмінің негізгі өзегі – Құранды феминистік герменевтика тәсілімен оқу. Бұл бағыт исламда әйелдерге қатысты қолданылып келген гендерлік иерархияны негіздейтін аяттарға балама түсіндіру ұсынуға бағытталған. Америкалық мұсылман теологы Амина Вадудтың 1999 жылы жарық көрген «Qur'an and woman: rereading the sacred text from a woman's perspective» атты кітабы осы бағыттағы маңызды еңбек ретінде танылып, Құранға феминистік герменевтикалық тәсіл енгізді (Wadud, 1999, p. 14). Ол қасиетті Құран мәтінін әйелдерге қатысты дәстүрлі түсіндірмелерден өзгеше, әділет пен теңдік қағидаттары негізінде талдады. А.Вадуд әрбір аятты талдағанда тарихи-контекстуалды мағына мен тілдік грамматикалық құрылымды ескере отырып, мәтіндегі жалпы дүниетанымды ашуға тырысты. Зерттеушінің пікірінше, Құрандағы ер мен әйелдің өзара қатынасы онтологиялық тұрғыдан тең дәрежеде, яғни еркек пен әйелдің адамдық болмысы арасында айырмашылық жоқ (Ali, 2019). Сондай-ақ ол өз еңбектерінде «таухид парадигмасы» арқылы «ер мен әйел адамзат түрінің екі категориясы, оларға бірдей немесе тең көңіл бөлінеді және бірдей немесе тең әлеует беріледі» (Wadud, 1999; p. 15) деп тұжырымдама жасайды. Сонымен қатар американдық ғалым патриархалды нормалардың көбі Құран мәтінінің өзінен емес, ер адамға бағытталған интерпретациялардан туындайтынын алға тартып, әділет пен теңдіктің қасиетті жазбада бар екенін дәлелдейді. Бұл жерде басты әдіс – Құранның ішкімәтіндік оқылымы. Яғни, мәтіннен жұлып алынған аяттарды жеке талдаудың орнына, аяттарды Құранның ішкі құрылымымен, сүрелердің жалпы мазмұнымен және уахидың

жалпы этикалық бағытымен байланыстыра отырып түсіндіру қажет.

Ислам феминизмі біртекті идеология немесе әдістеме емес, керісінше, оның ішінде бірнеше теориялық бағыттар мен стратегиялар қалыптасты. Бұл бағыттар кейде бірін-бірі толықтырып, кейде өзара пікірталасқа түсіп жатады. Ирандық антрополог әрі құқықтанушы Зиба Мир-Хосейни исламдағы гендерлік теңдік мәселелерін құқықтық антропология тұрғысынан қарастырған беделді ғалым. Ол ислам отбасы заңдары және фикһ (ислам құқығы) саласындағы гендерлік әділетсіздік тақырыптарын қозғап келеді. Зиба Мир-Хосейни «Global Contestations over Gender Equality in Islam» (2022) атты еңбегінде патриархат пен ислам арасындағы пікірталас негізінде ислам феминизмін қолдайтын мұсылман ойшылдарының үш топқа бөлінгенін айтады. «Бірінші, дәстүршіл мұсылмандар мен шариғаттың қазіргі заманға дейінгі түсіндірмелері илаһи, сондықтан қайта түсіндіруге және өзгертуге ашық емес деп мәлімдейтін исламистер. Екінші, оларға қарсы пікірдегі феминистер, дінді негізінен патриархалды деп санайтын және онымен өзара әрекеттесуді пайдасыз және қате стратегия ретінде қарастырады, сондықтан олар тек феминизм мен адам құқығы аясында жұмыс істеуді жөн көреді. Үшінші топ шариғаттың патриархалды түсіндірмелерінің гегемониясына бейімді және мағыналы қарсы тұру үшін мұндай өзараәрекеттесу қажет деп санайтындар» (Mir-Hosseini, 2022; p. 327). Феминист-ғалым өз еңбектерімен үшінші топтың теориялық негіздерін қалауға зор үлес қосуда. Ол шариғаттағы классикалық көзқарастарды талдай отырып, олардың қазіргі заман түсініктерімен үндеспейтінін және мұсылман құқық жүйесіндегі патриархаттық үстемдікті айқын аңдататынын ашып береді. Оның пікірінше, «ислам құқығында әйел мен ер адам теңсіздігі екі негізгі алғышартқа негізделеді: біріншісі – Алла ер адамдарға әйелдер үстінен билік берді деген теологиялық түсінік, екіншісі – ер адам күшті, әйел әлсіз және тәуелді деген социологиялық көзқарас» (Mir-Hosseini, 2019; p.108). Алайда, ислам құқықтары мен Құран мәтіндеріне қайта түсіндірме беру нәтижесіне «...әйелдер енді исламның қасиетті мәтіндерінің патриархалды оқуларына және классикалық заң мәтіндерінің гендерлік көзқарастарына іштей сынды қолдаудың жаңа жолдарын тапты» (Mir-Hosseini, 2022; p. 331). Егер ислам феминизмі тек теологиялық емес, саяси құбылыс ретінде қарастырылса, оның жетістігі діни билік пен

саяси күш арасындағы күрделі диалектикаға байланысты болады (Mir-Hosseini, 2019, p. 113).

Сонымен қатар, ислам феминизмінің заманауи тұжырымдалуына ықпал еткен іргелі еңбектердің бірі – Лейла Ахметтің «Women and Gender in Islam: Historical Roots of a Modern Debate» (1992) кітабы. Онда ол ислам мен феминизм, гендерлік теңдік ұғымдары бір-біріне қарама-қайшы, ислам дәстүрінде әйел адамдар қаналған, олардың қоғамдағы мәртебесі төмендетілген деген батыстық көзқарасты сынап, Таяу Шығыс қоғамындағы гендерлік қатынастарды қалыптастыруға әсер еткен тарихи факторларды, соның ішінде – отарлықтың айқын қатынасын дәлелдеген. Лейла Ахмет Батыс отарлаушыларының өз империялық саясатын ақтау үшін отарланған елдердегі әйелдерді азат ету риторикасын сипаттау үшін «отарлық феминизм немесе отарлыққа қызмет етуде басқа мәдениеттерге қарсы қолданылатын феминизмді» пайдаланған құбылысты айқындау үшін ғылымға «отарлық феминизм» терминін енгізді (Ahmed, 1992; p. 151).

Ал Саба Махмуд өзінің «Politics of Piety: The Islamic Revival and the Feminist Subject» (2005) еңбегі батыстық феминизмде қалыптасқан «мұсылман әйелдері жаппай езгіде өмір сүреді» деген көзқарасты күрделілендіреді. Мысырдағы әйелдер мешіттері қозғалысын зерттей отырып, кейбір діндар мұсылман әйелдердің консервативті діни тәжірибелерді саналы түрде ұстана отырып, өзіндік «тақуалық» немесе «өзін-өзі тәрбиелеу агенттігін» қалыптастыратынын көрсетеді (Mahmood, 2005; p. 31). Сондай-ақ Саба Махмуд «агенттік» ұғымын басқаша негізде ұсынады: ол еркіндік тек қарсылық көрсету арқылы емес, сонымен қатар тақуалық пен діни нормалармен бірегейлік арқылы да көрініс табуы мүмкін. Ол мысырлық әйелдердің «тақуалық қозғалысы» арқылы субъектілікті қалай қалыптастыратынын зерттейді: «агенттік – бұл еркін тандаудың нәтижесі ғана емес, сондай-ақ өмірлік ұстынға адалдықтың көрінісі» (Махмуд, 2005; p. 34). Ол батыстық феминизмдегі бостандық пен қарсылық ұғымдарын тақуалық пен өзін-өзі этикалық тәрбиелеуге негізделген ұғымдармен алмастырады. Ғалым бұл «тақуалық агенттігін» мынадай ұтымды мысалмен түсіндіреді «Бұл парадоксты түсіндіру үшін біз өзін тәртіптік тәжірибенің жиі ауыр режиміне бағындыратын виртуоз пианисттің мысалын қарастыра аламыз ... оның қызметі оның оқыту қабілетіне негізделген – бұл классикалық түрде «мойынсұнушылық» деп аталатын

шарт» (Mahmood, 2005; p. 29), яғни тақуалық агенттігі – өзінді тәрбиелеу, тәртіпке бағыну, діни нормалар арқылы тұлғалық кемелдену формасы ретінде көрсетіледі.

Фатима Мерниси «Beyond the Veil: Male-Female Dynamics in Modern Muslim Society» (1987) атты жұмысы діни мәтіндердің патриархалды түсіндірмелері әйелдердің қоғамдық және отбасылық рөлін шектеуге қалай ықпал еткенін көрсетеді (Mernissi, 1987; p. 27). Ғалым мұсылман контекстіндегі әйелдердің маргиналануын тек діни доктринадан іздеуге болмайтынын, оны мәдени, саяси, тарихи, оның ішінде батыстық отарлау мұрасымен де байланысты факторлармен ұштастыра қарастыру қажеттігін баса айтады.

Америкалық мұсылман ғалымы Айша Хидаятуллах Құранға феминистік талдау жасаған жаңа буын өкілдерінің бірі. Ол ислам феминизмінің ішкі интеллектуалдық қиындықтарына назар аударған зерттеуші ретінде белгілі. 2014 жылы шыққан «Feminist Edges of the Qur'an» (2014) атты еңбегінде Амина Вадуд, Асма Барлас сынды ғалымдардың Құран аяттарын қайта түсіндіру әдістерін талдай келе, бұл тәсілдердің шектеулерін көрсетті. Оның ойынша, мұсылман феминистік зерттеушілері Құраннан міндетті түрде гендерлік теңдік «көрінісін» табуға тырысады (Hidayatullah, 2014; p. 4). Сондықтан Айша Хидаятуллах және кейбір өзге теологтар ислам феминизмінде «пост-фундаменталистік» бағыт қажеттігін айтады. «Құран аяттарының бәрі бірдей «проблемалы» емес және теңдік рухын толық жоққа шығармайды» (Hidayatullah, 2014; p. 116–117). Демек мәселе кейбір аяттарды өктемшіл сипатта түсіндірілгені тарихта жатыр, яғни, мұндай түсіндірмелерді өзгертуге болады. Бұл бағыт Құран мәтінін түгелдей қайта ойлауды, жалпы уахи (қасиетті аян) ұғымын қайта сараптауды талап етеді. Яғни, Хидаятуллахтың еңбегі ислам феминизмін жаңа теориялық деңгейге – мәтін мен уахи табиғатын сараптау деңгейіне көтерді деуге болады. Ислам феминистік әдіснамасы классикалық герменевтика мен контекстуалды оқуды үйлестіреді. Айша Хидаятуллах атап өткендей, феминистік тәпсірлер «тарихи контекстуализация, ішкі мәтіндік (интратекстуалды) талдау және таухидтік әдіс» (Hidayatullah, 2014; p. 119) арқылы жаңа түсініктер қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, ислам феминизмі ішінде Құран мен сүннетті қайта оқу, шарифат заңдарын реформалау, батыс феминизмі теориясын

сыни қабылдау, діни мәтіннің табиғатын қайта пайымдау сияқты сан алуан теориялық ағымдар бар. Олардың бәрін мұсылман әйелдердің теңдігі мен қадір-қасиетін қамтамасыз ету мақсаты біріктіреді. Бұл бағыттар кейде әдістеме тұрғысынан әртүрлі болғанымен, жалпы ислам ой-жүйесін байытып, оның заман талабына сай жауап беру мүмкіндіктерін арттырды.

Батыс және ислам феминизмдерінің негізгі айырмашылықтары

Батыстық феминист-ғалымдар мен ислам феминистерінің негізгі еңбектеріне салыстырмалы талдау жасау барысында, екі феминистік бағыттың арасындағы айырмашылықтардың орын алғанын байқаймыз. Батыстық феминизмнің ислам феминизмінен ең маңызды айырмашылығы – зайырлы және діни негіздегі әдістемелік ұстанымдардың арасындағы айқын контраст. Егер батыстық феминизм көбінесе зайырлы гуманизм мен либералды құндылықтарға сүйенсе, ислам феминизмі үшін Құран мен сүннет негізгі тірек.

Екінші айырмашылық дінге, әсіресе исламға көзқарастан туындайды. Батыстық феминистік теория, әсіресе либералды ағымдар, дінді патриархалды құрылымның бір бөлігі ретінде көріп, одан «аттап өтіп» не оны зайырлы негізде реформалауға ұмтылады. Симона де Бовуар діннің әйелдердің бағынышты күйін ақтап келгенін сынайды (Beauvoir, 1956; p. 633-640.). Кейбір батыстық феминистер үшін зайырлылық – модернизацияның ажырамас элементі әрі гендерлік теңдікке қол жеткізудің анағұрлым тиімді жолы (Scott, 2018; p. 11). Ал мұсылман феминистер исламнан бас тартуға емес, патриархалды түсіндірмелерді қайта қарастыру жасауды насихаттайды. «Құранның басты үні – әділет пен теңдік» (Wadud, 1999; p. 51), яғни Құран мәтіні түпкі мәнінде патриархалды емес. Ислам феминистері үшін дін – рухани күш-қуаттың, қоғамдағы ынтымақтастықтың және этикалық тұғырнаманың қайнар көзі бола.

Үшінші, мұсылман қоғамында отбасы заңдары немесе басқа да құқықтық нормалар көбіне исламдық құқықпен байланыстырылады. Нәтижесінде, әйелдердің некедегі, ажырасудағы, балаға қамқорлықтағы немесе мұрагерліктегі құқықтарына қатысты өзгерістер діни үкімдерді қайта қарауды қажет етеді. Ислам феминистері шарият аясында реформаларды дәйектендіріп, әділет пен теңдікті қамтитын ислам қағидаттарына сүйенеді (Wadud, 1999; p. 70). Ал батыстық

феминистік қозғалыстар ұзақ жылдар бойында зайырлы заңнаманы өзгертуге, әйелдердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етуге басымдық берді. Заң мен дінді бір-бірінен бөліп қарастыратын «шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі» қағидаты сақталған жағдайда, заң бәріне ортақ, бейтарап болуы тиіс деп есептеледі.

Төртінші, хиджаб тақырыбы Батыс және ислам феминизмдерінің арасындағы көзқарас қайшылықтарын анық көрсетеді. «Батыс елдерінің көзқарасы бойынша ислам қоғамдарының айырмашылығы мен кемшілігінің ең айқын белгісі болып саналатын жамылғы (veil) әйелдерге жасалған қысымның да, исламның артта қалуының да символына айналды» (Ahmed, 1992; p. 154). Ал көптеген мұсылман феминистер хиджабты «қысым мен езгінің» символы деп қабылдау қате деп есептеп, оны рухани, мәдени таңдау деп түсіндіреді (Mahmood, 2005; p. 72). Бұл алшақтық әйел денесіне және оның еркіндігіне қатысты көзқарастардың айырмашылығын көрсетеді. Батыстағы кейбір феминистер діни жамылғыдан босануды әйел бостандығына баласа, мұсылман феминистердің бір бөлігі дінді ұстана отырып, өзін-өзі бағалауды арттыратын сенім дәстүріне енуге мүмкіндік беріп (Bullock, 2002; p. 24), өз қалауымен жабыну құқығын алдыңғы орынға қояды.

Алайда бұл айырмашылықтарға қарамастан, батыс және ислам феминизмдерінің өзарақатынасына себеп болатын ортақ ұстанымдар да бар. Екі бағыт та патриархалды құрылымдармен күрес жүргізеді. Соңғы жылдары Батыстағы феминизмде интерсекцияның күшеюі және мұсылман елдерінде постколониалды сынның тереңдеуі әмбебаптандырудың қауіптілігін және әйелдер тәжірибесінің алуан түрлілігін мойындауға алып келді.

Қорытынды

Батыстық және ислам феминизмді салыстырмалы түрде талдау олардың жай ғана екі түрлі бағыт емес, әрқайсысы өзіндік онтологияға, эпистемологияға және әдіснамаға ие феминистік ойлаудың екі дербес парадигмасы екенін көрсетеді. Әйелдерді шеттетуден босатып, әлеуметтік әділеттілікке ұмтылу сияқты ортақ мақсаттарына қарамастан, бұл екі бағыт түрлі легитимация көздеріне, еркіндік пен субъектілік ұғымдарына сүйенеді.

Батыс феминизмі секулярлық гуманизм, либералды демократия және ағартушылық дәуі-

рінің индивидуалистік философиясы аясында дамыды. Оның тарихи бастауы еуроцентризм мен универсализмге бейім болғандықтан, көбінесе орта таптағы ақ нәсілді әйелдердің тәжірибесін «универсал әйелдік тәжірибе» ретінде ұсынуға алып келді.

Ал ислам феминизм керісінше, эмансипацияны діннен тыс емес, ислам ілімі арқылы іске асыруға болатынын көрсетеді. Оның басты ерекшелігі – теңдік пен әділеттілікке апарар негіз ретінде діни мәтіндерге жүгінуінде. Бұл бағыт Құран, хадис, фикһ және мұсылман қауымдастықтарының тарихи тәжірибесін феминистік этика арқылы қайта пайымдауды қажет етеді. Діннен бас тарту орнына, ол діни мәтіндерді қайта зерделеуге ұмтылады. Ислам феминизмі әйелді діни қауымдастық өміріне белсенді араласа алатын рухани және моральдық субъект ретінде қарастырады.

Батыстық және ислам феминизмі арасындағы қарама-қайшылық тек географиялық немесе діни сипатта ғана емес, ол әртүрлі әдіснамалық тәсілдерге негізделген. Либералдық-зайырлы

дәстүрге негізделген батыстық модель әйелдердің эмансипациясының кілтін діни реттеуден босатудан көреді. ислам феминизмі, керісінше, қасиетті мәтіндердегі теңдік пен әділеттілік әлеуетін ашуға тырысады, Құран мен ислам заңдарын қайта түсіндіру мүмкіндігі мен қажеттілігіне нұсқайды.

Екі бағыт әлі де бір-бірімен көптеген жолдармен тайталасады, бірақ дәл осындай даулар өнімді зерттеулерді тудырады және жаһандық ауқымда феминистік күн тәртібін бірлесіп қайта қарауға жол ашады. Мұндағы негізгі әдіс – гендерлік теңдіктің діни негіздерін де, жалпы адам құқықтарының құндылығын да тануға арналған пәнаралық және мәдениетаралық диалог.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыру аясында әзірленді (Грант AP19676979 «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік»)

Әдебиеттер

- Ahmed, L. *Women and Gender in Islam* (1st ed.). – New Haven, Yale University Press. – 1992. – 304 p.
- Ali, K. An Interview with amina wadud. *The Making of the «Lady Imam»* // *Journal of Feminist Studies in Religion*. – 2019. – №35 (1). – P. 67-79.
- Amin, Q. *The Liberation of Women*. In: Moaddel, M., Talattof, K. (eds) *Modernist and Fundamentalist Debates in Islam*. – New York, Palgrave Macmillan. – 2000. https://doi.org/10.1007/978-1-137-09848-1_16
- Anthony, S.B. *On Women's Right to Vote* (1792) [Электронный ресурс] URL: <https://www.nolo.com/legal-encyclopedia/content/anthony-vote-speech.html#:~:text=During%20the%201800s%2C%20women%20did,women%20the%20right%20to%20vote> Қаралған күні: 14.11.2024.
- Badran, M. *Islamic Feminism: What's in a Name?* // *Al-Ahram Weekly*. – 2002. – Issue No. 569. – P. 22-38.
- Beauvoir, S. de. *The Second Sex*. – Jonathan Cape. – 1956. – 700 p.
- Bullock, K. *Rethinking muslim women and the veil: Challenging Historical and Modern Stereotypes*. – London, Washington, International Institute of Islamic Thought (IIIT). – 2002. – 328 p.
- Butler, J. *Gender trouble: feminism and the subversion of identity*. – New York, Routledge. – 1989. – 221 p.
- Crenshaw, K. *Demarginalizing the Intersection of Race and Sex: A Black Feminist Critique of Antidiscrimination Doctrine, Feminist Theory and Antiracist Politics* // *University of Chicago Legal Forum*. – 1989. – №1989, Article 8. <https://chicagounbound.uchicago.edu/uclf/vol1989/iss1/8>
- Crenshaw, K. *Mapping the Margins: Intersectionality, Identity Politics, and Violence Against Women of Color* // *Stanford Law Review*. – 1991. – 43(6). – Pp. 1241-1299.
- Dzhambazova, T. (2020). The “Me Too” and “Time’s Up” Movements in *The Guardian* // *Postmodernism Problems/Проблемы на постмодерността*. – 2020. – № 10(3). <https://doi.org/10.46324/PMP2003292292-299>. p. 292
- Evans, R.J. *The Feminists Women's Emancipation Movements in Europe, America and Australasia 1840-1920*. – Routledge, 2013. – 272 p.
- Friedan, B. *The Feminine Mystique*. – New York: Norton. – 1963. – 560 p.
- Hidayatullah, A. A. *Feminist Edges of the Qur'an*. – New York, Oxford University Press. – 2014. – 288 p.
- Hidayatullah, A. A. *Feminist Interpretation of the Qur'an in a Comparative Feminist Setting* // *Journal of Feminist Studies in Religion*. – 2014. – №30(2). – P. 115-129.
- hooks, bell. *Feminism is for Everybody: Passionate Politics*. – Cambridge, MA: South End Press. – 2000. – 136 p.
- MacKinnon, C.A. *Toward a Feminist Theory of the State*. – Cambridge, Mass.: Harvard University Press. – 1989. – 330 p.
- Mahmood, S. *Politics of Piety: The Islamic Revival and the Feminist Subject (REV-Revised)*. – Princeton University Press. – 2005. <https://doi.org/10.2307/j.ctvt00cf>

- Me Too movement (2023) [Электронный ресурс] URL: <https://www.britannica.com/topic/Me-Too-movement>, 2023
- Mernissi, F. *Beyond the Veil: Male-Female Dynamics in Modern Muslim Society*. – Indiana University Press, 1987. – 200 p.
- Mernissi, F. *The Veil and the Male Elite: A Feminist Interpretation of Women's Rights in Islam*. – New York: Perseus Books. – 1991. – 225 p.
- Mir-Hosseini, Z. Global Contestations over Gender Equality in Islam: On Legal Interpretation and Muslim Feminist Scholars' Activism in a Human Rights Frame. In *Global Contestations of Gender Rights* (1st ed.). – 2022. – Pp. 327–344. <http://www.jstor.org/stable/jj.11425489.21>
- Mir-Hosseini, Z. The Challenges of Islamic Feminism // *Gender a výzkum / Gender and Research*, – 2019. – №20,(2). – P.108–122. <http://dx.doi.org/10.13060/25706578.2019.20.2.486>.
- Mohanty, C.T. Under Westerns Eyes: Feminist Scholarship and Colonial Discourses // *Boundary 2*. – 1984. – №12. – P. 333–358. <https://doi.org/10.2307/302821>
- Paletschek, S. & Pietrow-Ennker, B. Women's emancipation movements in the nineteenth century: a European perspective. – Stanford, Calif.: Stanford Univ. Press. – 2004. – P. S. 3-10; 337-341; 301-333; 406-409.
- Spivak, G. C. Can the Subaltern Speak?: Reflections on the History of an Idea. – Columbia University Press. 2010. – P. 21–78. <http://www.jstor.org/stable/10.7312/morr14384.5>
- Wadud, A. *Qur'an and woman: Rereading the sacred text from a woman's perspective*. – New York: Oxford University Press. – 1999. – 118 p.
- Wexler, L.M., Robbenolt, J.K. & Murphy, C. #MeToo, Time's Up, and Theories of Justice // *University of Illinois College of Law Legal Studies Research Paper*. – 2018. – No.18-14, – P. 45–85. <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.3135442>
- What's the Difference Between the #MeToo and Time's Up Movements? (2018) [Электронный ресурс] URL: <https://time.com/5189945/whats-the-difference-between-the-metoo-and-times-up-movements/> Қаралған күні: 27.12.2024.
- Wollstonecraft, M. *A Vindication of the Rights of Woman* (2002) [Электронный ресурс] URL: <https://www.gutenberg.org/cache/epub/3420/pg3420-images.html> Қаралған күні: 27.12.2024.
- Милль Дж. С. О подчинении женщины / Джон Стюарт Милль; [пер. с англ. Г. Благосветлова]. – М.: Группа Компаний «РИПОЛ классик». – 2020. – 304 с.

Авторлар туралы мәлімет:

Токтарбекова Лаура Ниязбекқызы – ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD доктор (Дінтану) (Алматы, Қазақстан, e-mail: lauratoktarbekova@gmail.com).

Information about authors:

Toktarbekova Laura Niyazbekovna – Leading Researcher at the Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK, PhD (Religious Studies) (Almaty, Kazakhstan, e-mail: lauratoktarbekova@gmail.com).

Информация об авторах:

Токтарбекова Лаура Ниязбековна – ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, доктор PhD (Религиоведение) (Алматы, Казахстан, e-mail: lauratoktarbekova@gmail.com).

Поступила 1 февраля 2025 г.

Принята 10 апреля 2025 г.